

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына  
7-қосымша

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>көрсетілетін қызметті берушіге не Мемлекеттік корпорацияға:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өтініш;</li> <li>2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады);</li> <li>3) білімі туралы диплом;</li> <li>4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса);</li> <li>5) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат;</li> <li>6) біліктілік санатын беру туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар тұлғалар үшін);</li> <li>7) Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат;</li> <li>8) ұлттық біліктілік тестілеуді өткізуге жауапты білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымы қызметкерінің қолымен бекітілген және мөрімен куәландырылған ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы анықтама;</li> <li>9) білім алушылардың/тәрбиеленушілердің (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін, ПМПК педагогтерін қоспағанда) жетістіктерін растайтын құжаттар);</li> <li>10) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені қорытуды растайтын құжаттар;</li> <li>11) оқуды/сабақтарды бақылау парақтары (ПМПК педагогтерінен басқа);</li> </ol> <p>3)-11)-тармақтарда санамаланған құжаттар түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.</p> <p>Қосымша келесі құжаттар ұсынылады:</p> <p>Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін – жарияланымдарды, жобаларға қатысуын, инновациялық, эксперименттік қызметті растайтын құжаттар, әзірленген әдістемелік материалдар; Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін - білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған оқу жетістіктерін сырттай бағалау және (немесе) ағымдағы және (немесе) қорытынды аттестаттау нәтижелерін қамтитын біліктілік санаттарын беру арасындағы кезеңдегі білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері;</p> <p>Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері үшін-білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған шеберлік пен</p>
---	--	--

	<p>дағдылардың қалыптасу көрсеткіштері; Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін – білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тандаған білім беру бағдарламасын меңгеру көрсеткіштері; Арнайы білім беру ұйымдарының, білім беру ұйымдарындағы арнайы сыныптардың (топтардың) педагогтері үшін (ПМПК педагогтерінен басқа) – жеке дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша маман қызметінің нәтижелілік көрсеткіштері; Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.</p>
--	---